



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

қалыптастыруға тікелей қатыса алмайды. Сондықтан, трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) халықаралық құқықсубъектілігін ең алдымен, халықаралық экономикалық құқық шеңберінде беру туралы халықаралық жария құқықтың дамуының айқын үрдісін жоққа шығару мүмкін емес. Мүмкін сол себепті трансұлттық корпорациялар (ТҰК) қазіргі заманғы халықаралық құқықта көбінесе халықаралық жария құқықтың болашақ субъектілерінің нысанында ұсынылады.

Ал егер халықаралық жеке құқықтың тұрғыдан қарастыратын болсақ, жоғарыда айтылған анықтамаларға сәйкес, трансұлттық корпорациялар(ТҰК)әрине халықаралық құқықтың бұл бағытының мүшесі бола алмайтындығы айдан анық.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лунц Л.А., «Курс международного частного права. В 3-х томах.», М., 2002. С. 389.
2. Толстых В.Л., «Международное частное право.» Новосибирск, 2001. С. 129.
3. «ЮНКТАД»ресми сайты:  
<http://unctad.org/en/Pages/PublicationArchive.aspx?publicationid=693>
4. Шумилов В.М., «Международное экономическое право.» 3-е изд. Ростов-на-Дону, 2003. С. 137.
5. Blumberg P.I. The Corporate Entity in an Era of Multinational Corporations // Delaware Journal of Corporate Law. 1990. P. 291 // Westlaw; Clive M. Schmitthoff's Select Essays on International Trade Law / ed. Cilia-Jui Cheng. Dordrecht, Boston, London, 1988. P. 719; Vernon R. International Trade and International Investment in the production cycle // Quarterly Journal of Economics. 1980. p. 190-207; Show M.N. International law. Cambridge University Press, 2006. P. 224; Nygh P. The Liability of Multinational Corporations for the Torts of Their Subsidiaries // European Business Organization Law Review. The Hague: TMC Asser Press, 2002. Vol. 3. P. 52.
6. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі., 45 - бап.
7. Суханов Е.А. «Гражданское право» Т. 1. М., 1998. С. 93.
8. Blumberg P.I. The Multinational Challenge to Corporation Law. Oxford University Press, 1993. P. 4.
9. Pound R. Jurisprudence. St. Paul, Minnesota. 1959. P. 192.
10. Transnational Law in a Changing Society: Essays in Honor of Philip C. Jessup / ed. Friedmann W.G., Jessup P.C., Henkin L., Lissitzyn O.J. New York: Columbia University Press, 1972. P. 80.
11. § 213, comment f. Restatement (Third) of Foreign Relations Law of the United States. I, 1 IN NT. American Law Institute, 1987.
12. Ануфриева Л.П. «Международное частное право. Особенная часть.» М., 2002. С. 59.
13. Show M.N. International Law. Cambridge University Press, 1997. P. 177.

УДК 941.9

### **ULTRA VIRES ДОКТРИНАСЫНЫҢ ГЕРМАНИЯЛЫҚ СИПАТЫ МЕН ОНЫ ИМПЛЕМЕНТАЦИЯЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

**Мухаметжан Нуржан Жайнарулы**

[Nurzhanych14@gmail.com](mailto:Nurzhanych14@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті Заң факультетінің  
«5В030200 – Халықаралық құқық» мамандығының 3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші - з.ғ.м., аға оқытушы Ақылов Д.О.

Азаматтық құқықта заңды тұлғалар жеке тұлғалармен кейбір белгілермен көбінесе ұқсас болып келеді. Жеке тұлғалар сияқты заңды тұлғалар да (ұйым, серіктестік не болмаса

акционерлік қоғам) мәмілелерді жасай алады, құқық қабілеттілікке ие бола алады және белгілі міндеттемелерді орындай алады. Дегенмен бұл екеуінің арасында көптеген айырмашылықтар бар. Мысалы, егер жеке тұлға қандай да бір мәміле жасамақшы болатын болса, онда ол оның ниетіне байланысты, ал заңды тұлға тек өзінің органдары (акционерлік қоғамның шартқа отыру ниетін атқарушы директор орындайды) арқылы ғана жүзеге асырады. Жеке тұлға қандай мамндық таңдайтынығы өз қалауында, ал заңды тұлға құзырет аясы кейбір мемлекетте шектеледі, ал кейбір мемлекеттерде шексіз болады.

Адам табиғатынан жалпы құқық қабілеттілікке ие болғаны бізге барлығымызға мәлім, ал заңды тұлға өз табиғатының ерекшелігіне байланысты шектемелерге ие. Біріншіден заңды тұлғалар оның құрылтай құжаттарымен немесе заңмен шектелуі. Егер құзыретшегінен тыс шықса, ұйымның іс-әрекеттерінің құқықтық салдары жоқ деп танылуы мүмкін (бірақ ол заңның нақты ережелеріне байланысты болуы да мүмкін). Батыстық құқықтық әдебиетте заңды тұлғаны өз құзыреті аясынан тыс шығып кету әдетте латын тіліндегі *ultra vires* терминімен аталады.

*Ultra vires* доктринасының дүниеге келуі жалпы құқықтық (англосаксондық) жүйеден бастау алады. Корпоративтік құқығының қалыптасу барысында ол компанияның құзыреті оның құрылтай құжаттарында көзделген ғана іс-әрекеттермен анықталатын және компания құзыретінен тыс мәмілелер жааттын болса, олар жарамсыз деп танылатын. Бұл қатаң ұстанымның мәні компанияның акционерлері мен кредиторларының мүдделерін компания басшылығының (менеджмент) әділетсіз әрекеттерінен қорғау болып табылады. Әрбір инвестордың (немесе қарыз берушінің) ақшасы оның бұрын жасасқан жарғысында көзделген мақсаттарға жететініне сенімді болуы керек деп пайымдалатын

Алайда, уақыт өтегеле экономикалық қарым-қатынастар және корпоративтік құқық даму барысында, жағдай біртіндеп өзгеріп, қатаң ережелер заңнамаға және сот практикасына байланысты өзгерді. Бүгінгі экономикада компания басшылығының құқықтарын алдын-ала жарғы ережелерімен шектеу өте тиімсіз болып көрінеді. Әлбетте практикалық себептер демаңызды рөл атқарды: *Ultra vires* – ты аттап өту үшін жарғы авторлары ақылға қонымсыз өзінің көптеген атқаратын қызметтерін тізіп жазатын болды, сондықтан бұл доктрина өзінің актуальдігін жоғалта бастаған. Қазіргі уақытта көптеген елдерде бұл ереже күшін жойды немесе оның әсері өте шектелді. Енді акционерлер мен кредиторлардың құқықтарын қорғау бірінші мәселе болып табылмайды (олардың мүдделері оңсыз да заңнамалармен жақсы қорғалған), енді алда тұратын мәселе, бұл коммерциялық контрагенттерді (серіктестер) қорғау. Әсіресе бұл халықаралық саудада өте маңызды, өйткені шетелдік элементтің бар болуы, басқа тілдің және өзге құқықтық жүйенің қатысуын көздейді.

*Ultra vires* доктринасы сонымен қатар Қытайдың Гонконг әкімшілік ауданында да қолданылған, дегенмен жоғарыда айтылып кеткендей, заңды тұлғалар өз қызметінің аясын жарғыларда алуан түрлі қылып қарастырғаннан, ол өзінің мағынасын жоғалтты. Соңғы 10 жыл бойы бұл доктрина мүлдем қолданыстан шықты.

Қазақстан Республикасында, негізінен барлық ТМД елдерінде *ultra vires* жартылай қолданысқа ие. Біздің мемлекетіміз континентальді құқықтық жүйені ұстанса да, *ultra vires* доктринасын қатар ұстанады, ал бұл осы құқықтық жүйеге жат құбылыс. Әрине *ultra vires* – тің өз жақсы жақтары бар, мысалға компаниялардың өз қызметі аясында ғана жұмыс істейуі және қандай да бір басқа әрекеттерге бара алмауы, сонымен қатар сапасыз қызмет жасамауы, бірақ бұл үдеріс өз кезегінде бизнесстің дамуына кедергілер жасайды. Мысалы, АҚШ – тың алпауыт компаниялары көптеген салаларда жұмыс істейді, олардың бірі Google компаниясы. Аталмыш компания өз қызметін интернет жүйесінде бастаған, бірақ қазіргі таңда ол ноутбуктар, смартфондар, операциялық жүйелер, тіпті киім шығарумен де айналысады. Ал енді АҚШ – та *ultra vires* доктринасы қатаң қолданылғанда, Google осындай алпауыт компанияға айналар ма еді.

Қазақстанда *ultra vires* доктринасының көрінісін Азаматтық Кодекстің 159 бабының 11 тармағында тапса болады. Тікелей айтатын болсақ:

«Занды тұлғаның немесе оның құрылтайшысының (қатысушысының) мүлкіне меншік иесінің талаптары бойынша осы Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде немесе құрылтай құжаттарында немесе оның органының заңды тұлға мақсаттарына қайшы келетін жасаған мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін, егер операцияға қатысушы басқа тарап осындай бұзушылықтар туралы білетін немесе білуі тиіс болғандығы дәлелденсе.»[1].

Әрине осындай шара заңды тұлғалардың қызметінде рөл ойнамайтын серіктестерінің мүдделерін емес, заңды тұлғаның өз мүдделерін қорғауға бағытталған, дегенмен, бұл шара тараптар арасында келісімшарттарды жасау кезінде сенімсіздікті тудырады. Бұл әрине сырттан серіктестерді табуды қиындыққа соқтырады[2].

Еуропалық тәжірибеде егер де континентальды құқықтық жүйені ұстанатын мемлекеттердің айқын өкілін, яғни Германияның тәжірибесін қарастыратын болсақ. Германияның коммерциялық ұйымдары шексіз құқықтық қабілетке (құзыретке) ие болады, ал компанияның органы –ұйым атынан үшінші тұлғалар алдында өкілетті болуға барлық (заң шеңберінде) құқықтарға ие. Өкілеттіліктер мен құзырет және құқық қабілеттілік ұйымның жарғылық және ішкі құжаттарымен шектелу мүмкін, бірақ үшінші тараптар үшін бұл шектеулер жүрмейді, бұл тек басшылық пен ұйымның қатысушыларының қарым-қатынасын реттейді.

Германияда, акционерлік қоғамдар акционерлік қоғамдар туралы заңымен реттеледі (Aktengesetz 1965 - AktG) және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер шектеулі жауапкершілік туралы заңымен реттеледі (Das Gesetz betreffend die Gesellschaften mit beschränkter Haftung 1892 – GmbHG). Осы сияқты көптеген заңды тұлғалар туралы ережелер бар, бірақ «сөзі ұзынның тоқтауы қиын» демекші, бұл тақырыпта тек акционерлік қоғамдар туралы айтылып кетеді.

Заң компанияның жарғысына оның қызметі туралы ережені (Gegenstand) қосуды міндеттейді (§ 23 (3) AktG), бірақ компания мақсаты аясынан тыс шығу салдарын қарастырмайды. Заң әлеуметтік бақылаудың екі деңгейлі жүйесін белгілейді: акционерлердің жалпы жиналысынан (Hauptversammlung) басқа, қоғамның органдарының басқармасы (Vorstand) және бақылаушылар кеңесі (Aufsichtsrat). Басқарма, атап айтқанда, бір адамнан тұруы мүмкін (§ 76 (2) AktG). Қоғамды басқарудың толық жауапкершілігі басқармада жатады (§ 76 (1) AktG) және бақылаушылар кеңесіне өз қызметі туралы есеп береді (§ 90 AktG). Акционерлердің жалпы жиналысы құзіретіне жарғының түбегейлі өзгеруі ретінде сұрақтар, жою, т.б. әрекеттер жатады. (§119 (1) AktG). Билік органдарының тізімі жарғы арқылы ұзартылуы мүмкін. Алайда, акционерлердің жалпы кеңесі шешімді тек басқарма мүшелері өзі құқық берсе ғана шығара алады (§119 (2) AktG).

Осылайша, компанияның басқарма (немесе жеке-дара атқарушы орган) үшінші тұлғалардың алдындағы компаниясының өкілдігіне қатысты шын мәнінде шексіз құқық қабілеттілікке ие. Алайда, басқарманың үшінші тұлғаларға анық көрсетілген беделін асыра пайдаланған жағдайда, басқарма жасаған мәміле жарамсыз деп танылуы мүмкін (Missbrauch der Vertretungsmacht). Соңғы ереже корпоративтік заңнамалардан емес, неміс азаматтық кодексімен бекітілген өкілдіктің құқықтық нормаларынан, сондай-ақ сот практикасынан (континентальды еуропалық жүйеде формальды түрде прецедент құқықтың көзі болып табылмайтынына қарамастан) ұстанылады.

Мысалы, Наембург апелляциялық сотының (Саксония-Анхальт штаты) істерінің бірінде дұрыс банктің емес инвестициялық ұсыныстың салдарынан келтірілген зиян үшін коммуналдық компанияның талаптары қаралды. (Компанияның жауапкершілігі шектеулі серіктестік болғанын және оның жалғыз қатысушысы муниципалитет екенін атап өткен жөн, бірақ ұқсас дәлелді акционерлік қоғамдарға да қолданса болады.) Банккәсіпорынға он жыл мерзімге валюталық свопты жасауға ұсынды, яғни банкке қарызын неміс маркаларында емес (бастапқыда жоспарланғандай), швейцариялық франкпен және ол үшін пайыз мөлшерлемесі әлдеқайда төмен екендігін көрсете отырып, ұсынды. Бұл жағдайда банк франк бағасының белгілерге ұлғаю қаупі бар екенін, осындай жағдайда барлық жинақтар нөлге немесе

шығынға дейін азаятыныөрескертті. Кәсіпорын (Басқарушы директор өкілі) сонымен қатар франкке несие алуға шешім қабылдады, олар дереу маркаларға айналды. Франк кейіннен іс жүзінде өсіп, нәтижесінде кәсіпорын шығынға ұшырады (екі жылдан кейін позиция жабылды). Кәсіпорын банкке зиян келтіргені туралы арыз берген. Талап төменде көрсетілген дәлелмен екі жағдайда ішінара қанағаттандырылды[4].

Осы істің тақырыбы бойынша, сот, басқалармен қатар, директордың тиісті келісімшарт жасасуы қатысушының (яғни, муниципалитет) келісімінсіз мәмілені жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылатынын зерттеді. Жоғарыда айтылып кеткендей, директордың өкілеттіктері шектеусіз болып саналады, тіпті егер компания ішкі ережелері бойынша мәміле қатысушының мақұлдауын талап етсе. Бұл қағида, мәміле басқа тарабы осындай ережелерді бұзу туралы білетін немесе білуі керек болған жағдайда қолданылмайды. Бұл жағдайда, соттың қорытындысына сәйкес, банк директордың өкілеттіктеріне сүйене алады, өйткені ол қатысушының келісімінсіз әрекет ете алады. Тағы бір маңызды мәселе муниципалитеттің қатысушысы болып табылатыны кез-келген жаңа мәселелерді тудыруы. Неміс заңына сәйкес, *ultra - vires* доктринасының мемлекеттік органдарға қолданылуы, яғни, олардың өкілеттіліктерінен тысқары шығуға құқығы жоқ және өкілеттік шегінен тыс мәмілелер жарамсыз болып табылады. Атап айтқанда, муниципалитеттерге (осы жер жағдайында) қауіпті валюталық операцияларды жүзеге асыруға жол берілмейді. Сонымен бірге, бұл мәселе муниципалитет туралы емес, оған тиесілі кәсіпорын туралы болды, сондықтан сот бұл ереже қолданылмайтының және жалпы корпоративтік құқық нормалары қолданылатының танытты. Осылайша, компания мен банк арасында жасалған мәміле жарамды болып танылды[3].

Жоғарыда айтылғанға қарамастан, сот шешімі банктің емес, компанияның пайдасына қабылданды. Мәселен, *своп* - бағалы қағаздармен сауда туралы заң бойынша қаржы құрал. Қаржы құралдарын сатқан кезде, банк клиенттің мүддесіне сай емес өнімдерді ұсынбау керек. Сонымен қатар, банк, алыпсатарлық валюталық тәуекелдерді муниципалитеттің нақты қабылдағандығын мемлекеттік ережелерге қайшы келетінін түсіндірді. Ең аз дегенде, банк директордың көмегімен *своптың* жүзеге асырылуы қаншалықты тиімді немесе пайдасыз екендігі туралы мәселе жөнінде егжей-тегжейлі талқылау керек еді. Нәтижесінде, сот компанияға банк шығындарының үштен екі бөлігіндегі талаптарын растады. Шығындардың үштен бір бөлігі қоғамға қалды, себебі директор зиянға өз үлесін қосты[3].

Көрінетіндей, заңда акционерлік қоғамның басқару мен жалпы жиналыстың өкілеттігі бөлінетіні көрінеді. Іс жүзінде, компанияны басқарудың барлық өкілеттіктері басқармада.

Тағы бір Еуропалық мысал келтіретін болсақ. Франциядағы заңды тұлғалардың қызметі азаматтық кодекс пен коммерциялық кодекс[4], сондай-ақ әр түрлі заң актілерімен реттеледі. Заңды тұлғалардың құқықтық қабілетін шектейтін *ultra vires* доктринасы француз заңында жоқ[5]. Франциядағы акционерлік қоғамдар Кодексте көзделген екі модельдің біреуіне сәйкес ұйымдастырылады. Әрине, екі модельде де соңғы сөз акционерлердің жалпы жиналысында қалады. Дегенмен, акционерлік қоғамдағы басқару құрылымы айтарлықтай ерекшеленеді. «Классикалық» модель компанияны басқаруға басшылық ететін директорлар кеңесіне жауапкершілік жүктейді. Әдетте, директор басқарма функцияларын өз қолында жинап, тек қана жалпы басшылықты өз кеңесіне қалдырады. Баламалы түрде, директорлар кеңесі кез келген басқа тұлғаны осындай басқару функцияларын орындау үшін бас директор ретінде тағайындай алады. Тағы бір жаңа модель - басқарма және қадағалау кеңесі бар акционерлік қоғам. Бұл үлгіде қадағалау кеңесі тек басшылықты бақылауды жүзеге асырады, ал қоғамды басқару басқарма мен оның төрағасына жүктеледі. Егер компанияның капиталы 150 мың еуродан аспаса, онда жалғыз атқарушы орган басшылықтың функцияларын жүзеге асыра алады[6]. Француздық корпоративтік модельдердің алғашқысы ағылшын аналогына, екіншісі - неміске жақын екендігін айтуға болады.

Қарастырған мәселелер бойынша, *ultra vires* доктринасының қолдануы қазіргі таңда артта қалып жатқаның және батыс мемлекеттері бұл доктринадан бас біртіндеп бас тарту үрдісін байқаса болады. Сондықтан, егер біз бизнесті және серіктестерді онай табуды



көздейтін болсақ, заңнамамызға біршама өзгерістерді енгізіп, ultra vires доктринасынан біртіндеп бас тартуымыз жөн болар.

#### **Қолданылған әдебиет тізімі:**

1. ҚР Азаматтық Кодексі // [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_)
2. Р.Книппер, Ладо Чантурия, Ганс Йохим Шрамм., «Проблемы договорного права и обеспечения исполнения договорных обязательств в государствах Кавказа и Центрально Азии», материалы международной конференции в университете Бремен., 10-11 апреля 2008 года.
3. Hengeler Mueller, Bank Held Liable for Improper Risk Advice in Relation to Currency Swap, International Law Office (August 10 2005), [http://www.internationallawoffice.com/ld.cfm?Newsletters\\_\\_Ref=11339](http://www.internationallawoffice.com/ld.cfm?Newsletters__Ref=11339) (last visited 2005), citing OLG Naumburg 24.03.2005 - 2 U 111/04.
4. Michael Brosemer and Dr. Christoph Seseke, European Legal and Tax Guide. French Corporate Law, <http://perso.wanadoo.fr/brs-associates/legtax/corfre02.htm> (last visited 2005).
5. Code civil Version consolidée au 3 janvier 2018, <https://www.legifrance.gouv.fr/affichCode.do?cidTexte=LEGITEXT000006070721>
6. Code de commerce Version consolidée au 24 mars 2018, <https://www.legifrance.gouv.fr/affichCode.do?cidTexte=LEGITEXT000005634379>

УДК 341.174

### **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АРЕНАДА БАЛАЛАР ЕҢБЕГІН ЭКСПЛУАТАЦИЯЛАУ Нүрәділлаев Абылай Бауыржанұлы**

«Халықаралық құқық» мамандығының 2 курс студенті.

Ғылыми жетекшісі: Сейдеш Б.Б.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада бала еңбегін эксплуатациялаудың шұғыл мәселелері мен салдары қарастырылған және алдын алу жолдары қарастырылып кеңес нұсқаулар көрсетілген.

**Аннотация.** В этой статье рассматриваются неотложные проблемы и последствия детского труда и даются указания о том, как предотвратить детский труд.

This article examines the urgent problems and consequences of child labor and gives guidance on how to prevent child labor.

**Түйін сөз:** эксплуатация, бала еңбегі, бала құқығы.

Халықаралық құқық жүйесінде адам құқықтары оның ішінде бала құқықтары ерекше қорғауға алынған, себебі бала өз құқықтарын қорғауға дәрменсіз. 1946 жылдан бері бала құқықтары Біріккен Ұлттар Ұйымымен қорғауға алына бастады. Атап айтқанда ЮНИСЕФ-тің құрылуы (бұл Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры) негізгі мақсаты балалардың қауіпсіз, салауатты және бақытты балалық шаққа деген құқықтарын және бала құқықтарына қолдау көрсету [1]. 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясының 44/25 резолюциясымен Бала құқықтары туралы Конвенцияның қабылдануы [2]. Женевада 1999 жылғы 17 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 87-сессиясында қабылданған Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенция [3].

Мақала бойынша мәселеге келетін болсақ орта Азия мен шығыс Еуропадағы өтпелі экономикасы бар елдерде еңбек ететін балалардың жалпы санының төмендеуіне қарамастан, аталған проблеманың бүгінгі күні өзектілігі бар екенін атап өткен жөн [4]. Ауыл шаруашылығында, балық аулау, өңдеу және тау-кен өнеркәсібі, қызмет көрсету және құрылыс саласында, балалар еңбегі әлі күнге дейін бар, бүгінгі күні 168 миллионнан астам кәмелет жасына толмаған балалар жұмысқа тартылуда [5].